



## Жаныңда жүр жақсы адам

*Ақан Ісләмұлы Жүнісов - саналы  
ғұмырын ел игілігі үшін еңбек етуге  
арнап келе жатқан қажырлы жан.  
Оның еңбек жолы жас ұрпаққа үлгі  
боларлық.*

---

Ақан Ісләмұлы 1947 жылдың 21 қаңтарында Павлодар қаласында дүниеге келген. 1965 жылы Ертіс ауданы қазіргі Иса Байзақов атындағы ауылда орта мектепті ойдағыдай бітірген ол жоғары оқу орнына түсуге талаптанады. Талапты жас осы жылы Омбы ауылшаруашылық институтына оқуға түседі. Бір жылдан соң КСРО Жоғарғы және орта кәсіби білім беру министрлігінің бұйрығымен осында оқитын 150 студент Бурятия Автономиялық Республикасының Улан-Удэ қаласындағы Шығыс Сібір технологиялық институтына ауыстырылады. Осылайша жоғары оқу орнын Бурятияда тә-

мамдаған Ақан Ісләмұлы 1970 жылы елге сұранып, жолдамамен Атырау қаласына келеді. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылады. Әскери борышын өтеп келген соң ол еңбек жолын туған ауылында жалғастырады. Экономист мамандығының жілігін шағып, майын ішкен А.Жүнісов қай жерде жұмыс істесе де, қызметін абыроймен атқара білді.

1985 жылы Екібастұзға қоныс аударады. Аудандық қаржы бөлімінде қызмет жолын жалғастырған Ақан Ісләмұлы салық басқармасында әр жылдары бөлім бастығы, бас маман, кеңесші боп табысты еңбек етіп келді. Негізгі қызметін ойдағыдай атқара отырып, семинар сабақтарын өткізу, үгіт-насихат жүргізу ісін қатар алып жүрді.

Білікті маманға шәкірт тәрбиелеу бағы да бұйырыпты. Ол 1998 жыл-

дан бастап Екібастұз экономикалық-заң колледжі, Еуразия институты мен Қазақстан-Ресей институты филиалдарында қаржы, салық саласы бойынша дәріс оқиды. Ақан Ісләмұлының айтуынша, бүгінгі таңға дейін шамамен жеті жүзге жуық шәкіртті білім нәрімен сусындатқан.

Отбасында аяулы жар, асқар таудай әке, ардақты ата бола білген Ақан аға бүгінде жұбайымен екі бала тәрбиелеп, екі немересінің қызығын көріп отыр. Зымыраған уақыт көп жылғы бейнеттің зейнетін көретін кез келгенін меззейді. Алайда Ақан Ісләмұлы «денсаулық болса, аттан түспей, елге еңбегімді сіңіре берсем» дейді. Жас ұрпақ үлгі тұтар осындай ағалар аман болғай!

**Торғын ОРАЗАЛЫ**